

АТЫНА ЗАТЫ САЙ

КӨРКЕМ ТУЫНДЫЛАР

«Астана — жастар мен білім қаласы» мен «Қасиетті Билер елі» монументалды суреттерінің авторы Аманат Назарқұлмен сұхбат. Бұл көркем шығармалар — ұлттық колоритте жазылған кең көлемді туындылар. Тәуелсіздік символдарымен бірге, тарихи бейнелер мен тұлғалар да картинада өз орнын тапқан.

Түйінді сөздер: Аманат Назарқұл, «Астана — жастар мен білім қаласы», «Қасиетті Билер елі», ҚазГЗУ, монументалді кескіндеме, Астана, Яссауи, үш би, білім, мәдениет.

Аманат Назарқұл (1959) — суретші. Алматы суретшілер училищесін (1982), Мәскеудегі И. В. Суриков атындағы мемлекеттік суретшілер Академиясының монументалды сыр-шырай факультетін (проф. К. А. Тугевольттың сынып бойынша 1988) бітірген КСРО суретшілер Одағының мүшесі. Назарқұл 1991 — 2003 ж. республикалық және халықаралық көрмелерге қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Соның ішінде 2000 ж. Алматыда өткен халықаралық «Мастер — класс» фестивалінің бірінші жүлдегері атанды. 2001 ж. Астанада жаңадан ашылған «Қазіргі заман музейінде», «Қазақстан Республикасы Президентінің мәдениет орталығында» (2002) жеке көрмелер өткізді. Суретшінің «Скифтер — Кентаврлар» (1997); «Бабалар рухы» (1998); «Үш грация» (1999); «Томирис» (1999); «Азия Биби» (2000); «Түнгі жолаушы» (2000), «Аралды аңсау» (2000), «Қорқыттың үш бұлағы» (2000) атты шығармалары орындалу стилі жағынан әрқилы болғанмен, жан дүниесінің тынымсыз ізденісін, тысқы дүниемен үйлесімді байланысын білдіретін туындылар өзіндік көзқарасы бар, батыл, тәуекелі мол суреткер. Бұл тұрғыда оның тері өңдеудің көне, далалық технологиясымен байланысты «Таудағы қыз» (1999), «Заратуштра» (2000), «Тәңірі» (2000), «Құс» (2000) сияқты туындылары жоғары бағаға ие болды¹.

Қазақ Гуманитарлық Заң Университетінде студенттердің өз халқының эстетикалық құндылықтарын игеруіне, рухани әлемін байытуына үлкен көңіл бөлінеді. Бұл мақсатта университеттің көркем мұражай кешенінің маңызы зор. Осында екі көлемді туынды — «Астана — жастар мен білім қаласы»

1. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2005 ISBN 9965-26-095-8 (URL: <http://kk.wikipedia.org/wiki/>).



АМАНАТ НАЗАРҚҰЛ,
суретші

және «Қасиетті Билер елі» картиналары ерекше көз тартады. Олар туралы айтып беруді сұрап көркем шығармалар авторы суретші Аманат Назарқұл мырзаны әңгімеге тартқан едік.

— *Қазақ елінің абыройын асқақтатқан Елорда бүгінде білімді де білікті, өнерлі жастар қаласы. Астана қазақтың төл мәдениеті мен әлемдік өркениеттің озық үлгілерін бойына сіңірген жаңашыл шаһар болып келеді. Соның бір көрінісі «Астана — жастар мен білім қаласы» атты полотноңызда Сіздің үлкен еркіндік, таза реализм қолданылғаныңыз анық байқалады.*

— Сурет Қазақ Гуманитарлық Заң Университетінің президенті Мақсұт Нәрікбаевтың тапсырысы бойынша салынды. «Астана — жастар мен білім қаласы» Тәуелсіздікпен келген жаңа Астананың панорамасы, Елбасы бейнесі, Тәуелсіздіктің көк туы, ұлтымыздың символдарына айналған кейіпкерлер, жас баладан бата берген ақсақалға дейін — ұлттық колоритте жазылған монументалды станоктық полотно. Тәуелсіздік символдарымен бірге, тарихи бейнелер мен тұлғалар да картинада өз орнын тапқан. Фемиданың мүсіні университет алдында картинада сол жақтан орын талса, ұлы ойшыл Жүсіп Баласағұн оң жақта шәкірттерімен суреттелгені үлкен ойға жетелейді. Картинада тарихымыз бен болашағымыз, бүгінгі күннің қайраткерлері, профессорлар, студенттер мен сәби жетелеген ақсақал мен әже бейнесі берілген. Білім мен ғылым ошағы Қазақ Гуманитарлық Заң Университетінің алдына университеттің Астанадағы жаңа ғимаратының ашылу салтанатына халық көп жиналыпты. Профессорлар, ұстаздар, студент жастардың алдында Елбасы Н. Ә. Назарбаев бастаған топ — қала әкімі И. Н. Тасмағамбетов, университет басшылары М. С. Нәрікбаев, М. Ш. Қоғамов, С. Ф. Ударцев, Е. К. Нурпеисов. Картинаның оң жақ бұрышында өмірден өткен, университеттің негізін қалауға атсалысқан бір топ ақсақалдар, заң ғылымының корифейлері, қоғам қайраткерлері, жастарға үлгі болған тұлғалар — С. Зиманов, Н. Шайкенов, Ф. Сапарғалиев, Ю. Басин, Г. Тілеуғалиев және Е. Жәкішев. Қасиетті рухани дүниелеріміздің белгісі Нұр-Астана мешітінен шыққан жастар мен ақсақалдар да рухы биік елдіктің белгісі ретінде композицияның ойы мен мағынасына үлкен күш-қуат береді. Шығарма — еліміздің тарихы мен бүгіні, болашағы сомдалған заманалық картина.

— *Халық «жақсы сурет мың сөздің орнын толтырады» деген ғой. Осы нақылды Сіздің тағы бір көркем шығармаңыз «Қасиетті Билер елі» картинасы туралы да айтуға болады. Ұлы дала кеңістігінде қазақ тарихында, арғы қыпшақ, көне түркі көшпенділер дүниесінде ұлы тұлғалар көп болды. Оның ішінде қасиетті тұлғалар дала билері*



Аманат Назарқұл «Қасиетті билер елі»,
кенеп, майлы бояу 3,45 x 8,75



еді. Сөзге шешен, қара қылды қақ жарған әділ әрі батыр дана билер әйгілі «Дала демократиясының» негізін қалап, өмірлерінің соңына дейін туған халқына қызмет етті. Осы атақты адамдарға арналған кең көлемді полотноңызда композицияны еркін сезініп, батыл шешімдер жасағаныңыз айқын сезіледі...

— Монументалды «Қасиетті Билер елі» картинасы сол атақты билер бейнесін, сол арқылы жалпы қазақ тарихына, дәстүріне көз салуға бағытталған. Мысалы, Билердің отырысына, олардың қол қимылдарына бір мезгіл көңіл аударып көрейікші. Төле би «Төбе би» дегендей, бір қолымен төбені, көк тәңірінің бар екенін ұмытпаңдар дегендей бізге тура қарап, екінші қолымен «Жеті жарғыны» ұстап, өзгерістер енгізіп отыр. Қаз дауысты Қазыбек бидің бір қолына кітап ұстап, ойланып, жолы үлкен ағасы Төлеге қарауы композицияға қимыл беріп, философияға жетелейді. Өз кезегінде, Әйтеке би сол қолына күміс асатаяқ ұстаған, оң қолымен Төле би жаққа меңзеп өздерінің ұйымшыл, бірауызды екенін көрсетеді.

Картинада символдардың алатын орны ерекше тақырып. Көне түркі руника жазбалары мен мүсіндері, адамдардың киімі, үлкен ою-өрнектері сырмақ киіз, кілемдер, басқұр бетіне түскен. Рухани астанамыз Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Алтын адам бейнесі, Күлтегіннің көк тасы, қазақтың қара шаңырағы, жаңа туылған нәресте болашақ ұрпақ жалғасы деген үлкен ұғымдар символы. Алтын кесеге ақ құйған Ана бейнесінің көшпенділер өмірінде алатын орны картинада өзінше бейнеленген.

— *Иә, «Қасиетті билер елі» — атына заты сай көркем туынды. XXI ғасырдың басында дүниеге келген бұл шығарма уақыт таразысынан өтіп, бейнелеу өнері мамандарының назарын аударып, болашақ ұрпаққа рухани күш беретін монументалды сурет туындысы болмақ. Тағылымды да маңызды әңгімеңіз үшін үлкен рахмет!*

Әңгімелескен А. Наурызбай, заң ғылымдарының кандидаты, ҚазГЗУ Құқықтық саясат және конституциялық заңнама ҒЗИ-дің бас ғылыми қызметкері



Аманат Назарқұл
«Астана – жастар мен білім қаласы»,
кенеп, майлы бояу 3,45 x 8,75



**Произведения искусства достойные своих названий.
Интервью с художником А. Назаркулом.**

Интервью с художником Аманатом Назаркулом, автором монументальных картин «Астана — жастар мен білім қаласы» и «Қасиетті Билер елі». Данные монументальные полотна — произведения искусства с ярко выраженным национальным колоритом. В картинах отражены символы Независимости, исторические личности и наши современники.

Ключевые слова: Аманат Назарқұл, «Астана — жастар мен білім қаласы» (Астана — город молодежи и знаний), «Қасиетті Билер елі» (Священная земля биев), КазГЮУ, монументальная живопись, Астана, Яссауи, три бия, образование, культура.

**Works of art worthy its names. Interview with an artist
A. Nazarkul.**

An interview with an artist Amanat Nazarkul, author of monumental pictures «Astana — zhastar men bilim kalasi» and «Kasietti biler eli». These monumental linens are works of art with the brightly expressed national colour. The symbols of Independence, historical personalities and our contemporaries are reflected in the picture.

Keywords: Amanat Nazarkul, «Астана — жастар мен білім қаласы» (Astana is the city of knowledge and the youth), «Қасиетті Билер елі» (Holy ground of biys), KazHLU, monumental painting, Astana, Yassui, three biys, education, culture.